

Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы жұмысы туралы

«Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ жанындағы «8D01504 – Биология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңес

Диссертациялық кеңестің төрағасы - PhD, қауымдастырылған профессор м.а. А.Н. Калиева Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Баскарма Төрағасы-Ректордың 2024 жылғы 9 шілдедегі №274 бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске «8D01504 – Биология» білім беру бағдарламасы бойынша диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

1. Өткізілген отырыстар саны - 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсан аралығында 3 Кеңес отырысы (эксперт тағайындау, қорғауға қабылдау, диссертацияны қорғау) өткізілді.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатыспаған кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы).

Диссертациялық кеңеске қатыспаған кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар саны.

Жошибекова Багила Съезбаевнаның, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

Диссертация тақырыбы: «Генетика курсының оқыту барысында білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру»

Білім беру бағдарламасының атауы: 8D01504-Биология

Диссертация Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау тілі: қазақша

Қорғау өткен күні: 30 желтоқсан 2024 жыл.

Ғылыми кеңесшілері:

Сартаева Акмарал Алтынбековна – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Алматы қ., Қазақстан.

Жумагулова Калампыр Абжаппаровна – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Алматы қ., Қазақстан.

Абилев Серикбай Каримович – биология ғылымдарының докторы, профессор, Н.И. Вавилов атындағы «Жалпы генетика институты» РҒА, Мәскеу қ., Ресей.

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

Бүгінгі таңда, генетика дамушы елдерде әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуде маңызды болып табылады. Осыған байланысты, мемлекет басшымыз Қ.К. Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында «Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз. Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңалықтар ұсына білу деген сөз»-деп, атап өтті. Яғни, ғылым мен білімнің өзара тығыз байланысы жаңа білімнің жинақталуының негізгі көзі ретінде зерттеу дағдыларын дамытуды талап етіп отыр. Қазіргі педагогикалық жоғары оқу орындарында білім беруде биология мамандығы студенттерінің зертханалық және оқу-далалық практика жағдайында кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін жеткілікті

айқындауда шешімін іздестіру, мәселелерді анықтау, студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға қойылған білім беру жүйесіндегі талаптар, докторант Б.С. Жошибекованың «Генетика курсының оқыту барысында білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзектілігін айқындайды.

Диссертант зерттеу барысында алдына қойған мақсат пен міндеттерді іске асыруда төмендегідей нәтижеге қол жеткізген:

Бірінші нәтиже: Генетиканы оқытуда білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың ғылыми - теориялық негіздері айқындалды;

Екінші нәтиже: Генетиканы оқытуда білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі жасалды және алғаш рет генетика мен педагогиканы байланыстыра отырып, жаңа Science Pedagogical Technology Content (SPTC) термині ұсынылды. Бұл білім беру үдерісін жаңаша тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді;

Үшінші нәтиже: Алғаш рет білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруда *E.coli* lux-биосенсорларының көмегімен қоршаған ортаның геноуыттылығы зерттеліп, сандық-сапалық талдау жүргізіліп, нәтижесінде «Микроорганизмдер генетикасы» атты электронды оқу құралы құрастырылып, оқу үдерісіне енгізілді;

Төртінші нәтиже: Генетиканы оқытуда білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемесі даярланды. Алғаш рет авторлық куәландырылған ДНҚ штампының моделі жасалынып, білім беру үдерісінде пайдаланылды. «Генетика есептері шешуімен» атты оқу құралы және «Генетика» элективтік курсы бойынша білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы әзірленіп оқу үдерісіне енгізілді;

Бесінші нәтиже: Генетиканы оқытуда білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру әдістемесінің тиімділігі эксперимент жүзінде тексеріліп, оқу үдерісіне ендірілді.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпы білім беру жүйесінде, жоғары оқу орындарында, орта білім беру мекемелерінде, педагогтердің біліктілігін жетілдіру курстарында пайдалануға болады.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейілінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып):

Диссертациялық жұмысқа рецензенттер ретінде биология саласындағы және биологияны оқытудың теориясы мен әдістемесі бойынша зерттеулерге үлкен үлес қосқан отандық белгілі ғалымдар бекітілген. Рецензенттерді тағайындау Ереже талаптарына сай жүргізілді. Рецензенттерді тағайындау барысында ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің тәуелсіздігі шарты ескерілді.

Рецензенттердің пікірлерінде зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдары, диссертация бойынша ескертулер мен ұсыныстары берілген. Алайда ескертулер тек ұсыныс ретінде ғана айтылып, ол жалпы жұмыстың сапасына нұқсан келтірмейтіндігі көрсетілген. Сапасыз рецензиялар болған жоқ. Ресми рецензенттердің қорғалған жұмысқа берген рецензиялары диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сай келеді.

Жошибекова Багила Съзбаевнаның диссертациялық жұмысы бойынша ресми рецензенттер туралы мәліметтер:

1. Жунусбаева Жазира Кабуловна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Молекулалық биология және генетика кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор, биология ғылымдарының кандидаты.

2. Зияева Гулнар Керімбековна – М.Х.Дулата атындағы Тараз университеті, Биология кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессор, биология ғылымдарының кандидаты.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша

ұсыныстар:

- диссертацияларды қорғауға жіберетін бітіруші кафедралардың зерттеу жұмыстарының дайындық деңгейі мен сапасына жіті назар аудары қажет.

7. 8D01504-Биология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін даярланған диссертациялардың саны:

№		8D01504- Биология
1	Қорғауға қабылданған диссертациялар	1
	Оның ішінде басқа ЖОО қабылданған докторанттардан	0
2	Қараудан алынып тасталған диссертациялар	0
	Оның ішінде басқа ЖОО қабылданған докторанттардан	0
3	Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	0
	Оның ішінде басқа ЖОО қабылданған докторанттардан	0
4	Қорғау қорытындысы бойынша оң шешім алғандары	1
	Оның ішінде басқа ЖОО қабылданған докторанттардан	0
5	Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	0
	Оның ішінде басқа ЖОО қабылданған докторанттардан	0
6	Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар	0
	Оның ішінде басқа ЖОО қабылданған докторанттардан	0

Диссертациялық кеңестің төрағасы

Калиева А.Н.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

Батаева Д.С.